

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 4 сәуір N 402

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы
Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар
саясаты туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасында мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен іске асырудың негіздерін анықтайды.

1 тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар
Осы Заңда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) жастар - Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетел мемлекеттерінің азаматтары және азаматтығы жоқ

14 пен 29 жас аралығындағы азаматтар;

2) жас отбасы - жұбайлардың жасы 29 жасқа толмаған жанұя;

3) мемлекеттік жастар саясаты - ол мемлекет жүзеге асыратын және әлеуеттендіру процесінде жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастыру және құқықтық шаралар жүйесі;

4) жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылым - жастар өмірін қамтамасыз етуге қажетті нысандар жүйесі (ғимараттар, құрылыстар, имараттар), және де жас азаматтардың денсаулығын қорғау, білім беру, тәрбиелеу, әлеуметтік бейімделуін, дене тәрбиесі, рухани және адамгершілік тұрғыдан дамыту, жастарды еңбекпен қамтамасыз

ету жөніндегі ұйымдар;

5) жастарға арналған әлеуметтік қызметтер - жастарға медициналық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық қызмет көрсету және материалдық көмек жасау, жас азаматтардың әлеуметтік бейімделуіне ықпал ету жөніндегі шараларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдар;

б) жастардың кәсіпкерлік іс-әрекеті - жас азаматтардың өз атынан және мүліктік жауапкершілік өзіне артылғандағы табысы немесе жеке кіріс табуға арналған Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін бастамашылдық, өзіндік іс-әрекеті.

2-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясаты туралы заңнамасы К951000 _ Конституцияға, осы Заң және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінен құрылған.

2. Осы Заңның немесе оның жекелеген баптарының Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімдерге сай келмейтін немесе қайшы келетін жағдайда, халықаралық келісім бойынша оның қолданылуы Заң қабылдау қажеттігін талап етпеген жағдайдан басқа кезде, халықаралық келісім талаптары қолданылады.

3-бап. Мемлекеттік жастар саясатының мақсаттары мен қағидаттары

1. Мемлекеттік жастар саясаты Қазақстан Республикасында мына мақсаттарда жүргізіледі:

1) жастардың рухани, мәдени, білім, кәсіби және дене тәрбиесін дамытуға арналған әлеуметтік-экономикалық, құқықтық ұйымдастырушылық жағдайлар жасау мен кепілдік беру, бүкіл қоғам мүддесі үшін олардың шығармашылық әлеуетін арттыру;

2) олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

3) жас азаматтарға көмек пен әлеуметтік қызмет көрсету;

4) жастардың әлеуметтік мәні бар бастамаларын жүзеге асыру.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты мынадай қағидаларға негізделеді:

1) Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени құндылықтарының басымдылығына;

2) дене тәрбиесі мен рухани саулығын сақтау мен дамытуға;

- 3) адамгершілік және рухани дамытуға;
- 4) қазақстандық патриотизмді қалыптастыру;
- 5) азаматтықты қалыптастыру;
- 6) жастардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау;
- 7) мұқтаж жастарға әлеуметтік қызмет пен көмек көрсету;
- 8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын жүргізуде мемлекеттік билік органдары қызметтерінің заңдылығы.

4-бап. Жастар саясатын іске асыру жөніндегі
мемлекеттік органдар

1. Мемлекеттік жастар саясаты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдар, басқа да ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.
2. Жастар саясаты мәселелері жөніндегі атқарушы органдар және оның аймақтық бөлімшелері туралы ережесі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2 тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ
БАҒЫТТАРЫ

5-бап. Мемлекеттік жастар саясатының негізгі
бағыттары

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары болып мыналар табылады:

- 1) жастардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 2) еңбек және жұмыспен қамтамасыз ету саласында кепілдікті қамтамасыз ету;
- 3) жастардың кәсіпкерлік қызметіне қолдау көрсету;
- 4) жас отбасыларды мемлекеттік қолдау;
- 5) жастарға тегін орта білім алуға конституциялық құқығын жүзеге асыру үшін жағдай жасалуын қамтамасыз ету;
- 6) жастарға жан-жақты білім мен тәрбие беру үшін жағдай жасалуын қамтамасыз ету;
- 7) жастардың - мүгедектер мен балалар үйлері тәрбиелеушілерінің құқықтары мен әлеуметтік қорғау кепілдігін қамтамасыз ету;
- 8) Жастардың патриоттық және азаматтық қалыптасуларына жағдай жасалуын қамтамасыз ету;
- 9) жастар арасында ұлттық мәдениет пен тілдің дамуы үшін жағдай жасалуын қамтамасыз ету;

10) жастардың денсаулығын сақтау, олардың салауатты өмір салтын қалыптастыруын қамтамасыз ету;

11) әлеуметтік қолдауды қажет ететіндер қатарындағы жастарға әлеуметтік көмек көрсетуді қамтамасыз ету;

12) жастардың мәдени бос уақытына және демалысына жағдай жасалуын қамтамасыз ету;

13) талантты жастарды мемлекеттік қолдау;

14) өкілетті мемлекеттік органдардың жастар саясатын іске асыруда жастардың коммерциялық емес ұйымдарымен ынтымақтасуы;

15) жастардың халықаралық ынтымақтастығына ықпал жасау.

6-бап. Жастардың әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасында жастар мынадай әлеуметтік құқықтарға ие:

1) заңнамаларға сай мемлекеттік медициналық мекемелерде тегін медициналық қызмет көрсетілуіне;

2) міндетті тегін орта білім алуға және де заңнамаларға сай байқау негізінде тегін жоғары білім алуға;

3) жергілікті мемлекеттік басқару органдарының шешімімен мемлекеттік спорттық-сауықтыру және мәдени-ағартушылық мекемелерге жеңілдік пайдалануға;

4) жергілікті мемлекеттік басқару органдарының шешімі бойынша қоғамдық көлікте жастар ішінен оқушыларға арналған жеңілдікті пайдалануға.

5) құқықтық, психологиялық, педагогикалық мәселелер және де отбасылық және жыныстық тәрбие мәселелері бойынша кеңес, мүгедектердің, әскери қызметтен босатылғандардың, бас бостандығын айыру орындарынан босатылғандардың, және де арнаулы оқу-тәрбие мекемелерінен оралғандардың, нашақорлықтан, токсикоманиядан, алкоголизмнен емдеуден өткендердің, ВИЧ- жұқтырғандардың (СПИД-пен ауыратындар) ортаға қайта араласулары сияқты әлеуметтік қызмет алуға.

7-бап. Жастардың саяси құқықтары мен бостандықтары

1. Қазақстан Республикасының жастары Қазақстан Республикасының Конституциясында және басқа да заңнамаларда қарастырылған барлық саяси құқықтар мен бостандықтарға ие.

2. Жастардың саяси құқықтары мен бостандықтары азаматтарға мемлекеттік жастар саясатының жүргізілуіне қатысуға мүмкіндік беру арқылы жүзеге асырылады.

8-бап. Жастарды еңбек және жұмыспен қамту
саласында кепілдіктер, тұрғын үй
проблемаларын шешуге жәрдемдесу

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты еңбек және жұмыспен қамту саласында төмендегідей жолмен жүзеге асырылады:

- 1) жастарға арналған маусымдық және қоғамдық жұмыстарды дамыту;
- 2) жастарды жұмыспен қамту мәселелері туралы тұрғындарды жұмыспен қамту жөніндегі бағдарламалар әзірлеу және жүзеге асыру;
- 3) жастарға арналған жұмыс орындарын құратын шаруашылық қызмет субъектілеріне ұйымдастырушылық қолдау көрсету;
- 4) орта кәсіби және жоғары оқу орындары базасында студенттік еңбек отрядтарының қызметін ұйымдастыру және құру.

2. Қазақстан Республикасының жастарына:

- 1) жұмысқа тұруға, кәсіптік даярлыққа, біліктілікті жетілдіруге, қоғамдық жұмыстарға уақытша орналастыруға ықпал ету;
- 2) мемлекеттік тапсырыс бойынша кәсіптік-техникалық және жоғары оқу орындарын бітіргеннен кейін 1 жылдан кем емес уақытқа мемлекеттік кәсіпорындардың бірінші жұмыс беруіне ықпал ету;
- 3) заңнамаға сәйкес мемлекеттік нысаналы әлеуметтік көмек алу;
- 4) жас мүгедектердің оқу бағдарламасын меңгеруіне, жоғары оқу орнында қайта даярлануына және біліктілігін жетілдіруге, сонымен қатар, дистанциялық оқуына ы қ п а л е т у .

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жастардың тұрғын үй мәселелерін шешу үшін төмендегідей жағдай жасайды:

- 1) 3 және одан да көп балалы жас отбасыларға беру үшін мемлекет қаржысына тұрғын үй құрылысын жүргізу;
- 2) тұрғын үй құрылысына тарту үшін материалдық және қаржылық алғышарттарды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік тапсырысты пайдалану;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіпке сай жастарға тұрғын үй сатып алу және салу үшін жеңілдікті заем қаржысын беру.

9-бап. Жастар жүзеге асыратын кәсіпкерлік
қызметті мемлекеттік қолдау

1. Жастар кәсіпкерлігіне байланысты қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамаларымен және осы Заңмен реттеледі.

2. Қазақстан Республикасы жастардың кәсіпкерлік, фермерлік және шаруа

қожалығы қызметтерін әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық қолдау жөніндегі шаралар жүйесін белгілейді.

3. Қазақстан Республикасы аумағында кәсіпкерлік қызмет атқаратын және жастар саясаты саласындағы мемлекеттік қолдауды пайдаланушыларға мыналар жатады:

1) кәсіпкерлікпен заңды тұлғалық құрмай айналысатын жастар, оның ішінде жастар құрған фермерлік және шаруа қожалықтары;

2) құрылтайшылары жастар болып табылатын, құрамындағы жастар саны жалпы жұмысшылар санының 70 пайызынан кем емес ұйымдар.

4. Жастар кәсіпкерлігіне қолдау көрсету саласындағы мемлекеттік жастар саясаты төмендегідей жолмен жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының бастауыш, орта, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша кәсіптік оқу орындарының оқу-өндірістік базасында жастардың кәсіпкерлік қызметтерін ұйымдастыру ықпал ету;

2) тұрмысы төмен тұрғындар арасындағы жастарды (мүгедектер, жұмыссыздар және т.б.) кәсіпкерлік қызметке араластыру;

3) жастарды кәсіпкерлік қызмет негіздеріне үйрету, оқу орындары мен жұмыс берушілер арасындағы ынтымақтастықты тарту.

5. Мемлекет жастардың өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы, ғылым мен техника, мәдениет пен өнер, білім, денсаулық сақтау, сондай-ақ тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсетудің түрлі салаларында жұмыспен қамтылуына ықпал етуші жас кәсіпкерлерді ынталандырады.

10-бап. Жас отбасыларды мемлекеттік қолдау

1. Жас отбасыларды мемлекеттік қолдау саласындағы мемлекеттік және салалық бағдарламаларды қалыптастыру мен іске асыру мемлекеттік қолдау шараларды белгіленетін Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын болжауға сәйкес жас отбасылардың әлеуметтік сұранысты талдау негізінде жүзеге асырылады.

Аталған шаралар жас отбасыларына әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу үшін материалдық және басқа көмек көрсетуді, тиісті білім, медициналық, құқықтық, психологиялық-педагогикалық, ақпараттық, кеңестік және басқа қызмет көрсетуді, оның ішінде денсаулық сақтауды, бала өсіру мен тәрбиелеуді, әлеуметтік қорғауды, бейімдеу мен қайта үйренуді қамтамасыз етеді.

2. Жас отбасыларды мемлекеттік қолдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары, тиісті ұйымдар арқылы жас отбасының дамуын, балаларды өсіру, оларды тәрбиелеу мақсатында мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасы үкіметі белгілеген тәртіпке сай, 3 немесе одан да көп балалы жас отбасылардың несие сомасын процентсіз жабу мүмкіндігі және мерзімін

ұ з а р т у

(п р о л о н г а ц и я) ;

2) жастар арасындағы студенттер мен оқушылар болып табылатын жас ата-аналарға оқу орнының әкімшілігімен келісе отырып, оқу сабақтарын еркін қатысуға, баланың 1,5 жыл толуға дейін академиялық демалыс алуға құқық беру;

3) отбасы өміріндегі психологиялық-педагогикалық, құқықтық және өзге де мәселелер бойынша кеңес беруді кеңейту;

4) әлеуметтік қызмет, әлеуметтік көмек беретін коммерциялық емес ұйымдар ж ү й е с і н д а м ы т у ;

5) жазғы демалысты және жастарды сауықтыруды ұйымдастыру жүйесін сақтау мен д а м ы т у .

3. Мемлекеттік қолдауға зәру отбасыларды Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті өкілетті мемлекеттік органдар айқындайды.

11-бап. Талантты жастарды қолдау

1. Қоғамның интеллектуалдық және шығармашылық қуатын сақтау мен дамыту, Қазақстан Республикасының ғылыми, мәдени дәстүрлер сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында талантты және дарынды жастарды қолдау, олардың жемісті қызметіне жағдай жасау жөнінде іс-шаралар жүйесі жүзеге асырылады.

2. Талантты жастарға мемлекеттік қолдауды Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, мүдделі ұйымдар, азаматтар Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде көрсетеді және мына жолдармен жүзеге асырады:

1) заңнамаға сәйкес сыйлықтар, стипендиялар, белгілеу, заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес, талантты балалар мен жастар үшін білім алуға арналған гранттар мен н е с и е л е р б е р у ;

2) шығармашылық шеберханалар, мектептер мен бірлестіктер, сондай-ақ атақты ғылым, мәдениет пен өнер қайраткерлерінің білім мекемелерін ашуға қол ұшын беру;

3) жастардың шығармашылық жетістіктерін ашу мен тарату мақсатында конкурстар, көрмелер, фестивальдер, байқаулар, концерттер, симпозиумдер, дәрістер оқуды конференциялар мен семинарлар ұйымдастыру және өткізу, халықаралық жастар а л м а с у л а р ы н ұ й ы м д а с т ы р у ;

4) неғұрлым дарынды және талантты жастарды шет елдердегі білім және ғылыми-зерттеу мекемелеріне оқуға, қайта даярлауға, тәжірибе жинақтауға ағартушылық бағдарламалары бойынша конкурстық негізде жіберуді қамтамасыз ету;

5) ғылыми-мәдени жұмыстар жүргізу үшін, сондай-ақ жоғары интеллектуалдық кадрлар ресурсын, соның ішінде өндірістік салада, сақтау мен дамыту үшін жас ғалымдарға, мәдениет, өнер және білім қайраткерлеріне жағдай жасау;

6) дене шынықтыру спорт мектептерін қолдау, жастар спорты мен спорттық инфрақұрылымды дамыту, жастар арасында спартакиадалар мен олимпиадалар өткізуін

Ұ й ы м д а с т ы р у .

12-бап. Жастардың халықаралық ынтымақтастығына жәрдемдесу

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары халықаралық жастар ынтымақтастығын дамытуға мынадай жолдармен қолдау көрсетеді:

- 1) халықаралық жастар ауысымдары туралы келісімдерді бекіту мен жүзеге асыру, жастарды халықаралық бағдарламаларға қатыстыру;
- 2) халықаралық жастар алмасулары ұйымдастырушылар мен қатысушыларға ақпарат алуда, құжаттар әзірлеу мен халықаралық жастар ынтымақтастығы саласында әріптестер таңдауда көмек көрсету.

2. Жастардың халықаралық ынтымақтастығына ықпал ету қолданыстағы заңдар, нормативтік құқықтық актілер және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімдердің негізінде жүзеге асады.

3 тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ

13-бап. Мемлекеттік жастар саясатын қаржылай қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты мына қаражат есебінен қаржыландырылады:

- 1) республикалық және жергілікті бюджет;
- 2) жеке және заңды тұлғалардың қайырымдылық жарналары;
- 3) заңнамада тиым салынбаған өзге де қаржы көздерінен.

2. Қаржының есептік көлемі Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты саласындағы мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыруға қажетті материалдық және қаржылық ресурстарды коммерциялық емес жастар ұйымдарымен ынтымақтастығы саласындағы шараларды ескере отырып айқындалады.

14-бап. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен іске асыруға жастардың қатысуы

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыруға жастардың қоғамдық маңызы бар бастамаларды жүзеге асыру,

мемлекеттік биліктің орталық және жергілікті атқару органдарына үндеу, аталған органдармен жастардың коммерциялық емес ұйымдарының келісім негізіндегі байланысы, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыруға жас азаматтардың тікелей қатысуы мен мүдделерін білдіру арқылы қатысады.

2. Жастардан, жастардың коммерциялық емес ұйымдарынан Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға байланысты мемлекеттік органдарына түскен ұсыныстары аталған органның өкілеттігіне сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

Егер қаралатын ұсыныстарға қаржы есебі, ақпарат жинау, құжаттар жобасын жасау қажет болған жағдайда, мемлекеттік органдар ақпараттық көмекті іске асырады, аталған ұсыныстарды енгізуші жастармен, жастардың коммерциялық емес ұйымдары өкілдерімен кеңестер өткізеді.

3. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру саласындағы іс-қимылды үйлестіру мен кеңесу үшін жастардың коммерциялық емес ұйымдарын олардың келісімі арқылы тартуға құқылы.

Жастардың коммерциялық емес ұйымдары мемлекеттік органдарымен белгілі бір жұмыстарды орындау арқылы бірлесіп жұмыс жасайды, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру саласындағы мемлекеттік және салалық бағдарламалардың іс-шаралар жоспары шеңберінде қызмет көрсетеді. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі бірлескен консультативтік органдар құрылуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыруға жастарды тарту мақсатында мемлекеттік өкілетті органдар жастардың республикалық маңыздағы коммерциялық емес ұйымдарымен бірге Қазақстан жастарының конгресін шақырады.

5. Қазақстан Республикасы жастар конгресі заңды тұлғалардың ассоциация түріндегі ерікті бірлестіктері болып табылады және жарғы негізінде қызмет етеді.

Қазақстан жастарының конгресі өз құзыры шегіндегі ұсыныстарды әзірлеп, жастарға, мемлекеттік билік органдарына Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыруға қатысты үндеу қабылдай алады.

6. Мемлекеттік орталық органдар өз құзыреттері шегінде Қазақстан жастары конгресінің үндеуі мен ұсыныстарын талдайды. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырған ұсыныстарды ескереді.

15-бап. Жастарға арналған әлеуметтік қызметтер

1. Жастарға арналған әлеуметтік қызметтер - Қазақстан Республикасы аумағында орындалатын және әлеуметтік қолдау бойынша шараларды жүзеге асыратын, жастарға

әлеуметтік қызмет көрсететін Қазақстан Республикасының азаматтық құқықтары бар барлық субъектілердің қатысуын қамтамасыз етеді.

2. Ондай қызметтерге мыналар жатады:

1) психологиялық-педагогикалық, медициналық-биологиялық, заңдық көмек

және кәмелетке толмаған, жастардың басқа да өкілдеріне кеңес беру мен көмекті жүзеге асыру;

2) дене кемтарлығы салдарынан ерекше қолайсыз жағдайда қалған жастарға әлеуметтік көмек;

3) жас отбасыларға әлеуметтік көмек;

4) еңбек және оқу ұжымдарындағы жастарды құқықтық қорғау;

5) кәмелетке толмаған тәртіп бұзушыларға арнайы тәрбие мекемелеріндегі әлеуметтік көмек;

6) бас бостандығынан айыру орындарынан, арнайы тәрбие және емдеу мекемелерінен оралған жастарға әлеуметтік көмек (реабилитация);

7) құқықтық насихат, оларды жұмысқа орналасу, білім алу және кәсіби даярлау, демалыс, туризм және спорт салаларындағы құқықтарын іске асыру мүмкіндігінен ақпараттандыру;

8) жастардың өзін-өзі басқару нысандарын дамытуды қолдау;

9) жастардың тұрғылықты жерінде лайықты демалысын және жастарға өзге де көмек көрсету түрлерін ұйымдастыру.

16-бап. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік

жастар саясатын ақпараттық қамтамасыз ету және

ғылыми негіздеу

1. Жастардың құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат беруді, денсаулықты қорғау, білім алу, әлеуметтік қамсыздандыру, кәсіби даярлау мен жұмысқа орналасу, демалыс, әлеуметтік реабилитация, өмірдегі қиыншылықтарды жеңуге көмек, жас отбасыларды қолдау, коммерциялық емес ұйымдармен байланыс түрлерін және өзге де Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты саласындағы құқықтарды жүзеге асыруды, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатын ақпараттық қамтамасыз ету жөніндегі қызметті мемлекеттік органдар іске асырады.

Осы мақсатта ақпараттық жүйелер, жастарға арналған ақпарат орталықтарын, баспасөз бен өзге де бұқаралық ақпарат құралдарын қолдау жасау арқылы жастарды ақпараттық қамтамасыз етуді кеңейтуге жағдай жасалады, кітапханаларды, мұражайларды, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын өзге де мәдениет мекемелеріне лайықты мемлекеттік қолдау көрсетіледі, бұқаралық ақпарат құралдарымен ынтымақтастық орнатылады, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы

мемлекеттік жастар саясаты саласындағы мемлекеттік және салалық бағдарламалар ауқымында өзге де іс-шаралар қарастырылады.

2. Уәкілетті органдар Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер ұйымдастырады. Аталған зерттеулер ұзақ мерзімді негізде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты саласындағы кешенді және мақсатты мемлекеттік бағдарламалар жасалғанда міндетті түрде ескеріледі.

3. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты саласындағы зерттеулер қорытындысы негізінде мемлекеттік орталық уәкілетті атқарушы органы екі жылда бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасындағы жастар жағдайы туралы мемлекеттік баяндама ұсынады және ресми оны баспасөзде жариялайды.

Қазақстан Республикасындағы жастар жағдайы туралы мемлекеттік баяндама мемлекеттік орталық және жергілікті атқарушы органдарда, аталған органдардың құзіреті шегінде тиісті шешім қабылдау үшін қаралатын болады.

17-бап. Жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылым

1. Биліктің мемлекеттік органдағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылымдар объекттерін құру мен қызметін жолға қоюды қамтамасыз етеді.

2. Биліктің мемлекеттік органдарының жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылымдар нысандарын құру, қайта құру, жаңарту, өзгерту, тарату туралы шешім тәртібі мұндай шешімдердің жастардың өмір сүруін, білім алуын, дене тәрбиесін, рухани және адамгершілік тұрғыда дамуын қамтамасыз етуге тигізер әсерін зерделейтін арнайы тиісті мемлекеттік орган немесе органдардың арнайы құрылған сараптама комиссияларының бағалау жөніндегі іс-шараларын қарастырады.

Тиісті мемлекеттік органының құрылыс салу шешімінде де жастардың өмір сүруін, білімі мен тәрбиесін, дене тәрбиесін, рухани және адамгершілік тұрғыда дамуын құрайтын нысандар ғимаратының нормативтері ескеріледі. Аталған нормативтер Қазақстан Республикасының заңнамасына және сол аумақтың ерекшеліктеріне сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сол аумақтарының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын ескере отырып бекітіледі.

3. Пайда болуы, жекеленуі, иеленуі оқу және тәрбие үрдістерімен, жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылымдар нысандары қызметін қамтамасыз етуге байланысты мемлекеттік немесе коммуналдық (соның ішінде жер учаскелері,

ғимараттар, құрылыстар, құрал-жабдықтар) мүліктер аталған мақсаттарға ғана п а й д а л а н ы л а д ы .

Егер белгілі бір жағдайлармен аталған мүліктер жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылымдар нысандары қызметін тиімді қамтамасыз ете алмаса, өкілетті орган әлеуметтік инфрақұрылымдар нысандардың өтеміне бағытталған шаралар қабылдағаннан соң ғана оны өзге мақсаттарға пайдалану туралы шешім шығара алады.

4. Жергілікті атқарушы органдар жастардың коммерциялық емес

ұйымдарының пайдалануына және заңнамаға сәйкес өзге де мүліктік қажеттіліктерді жүзеге асыру үшін ғимараттарды, құрылыстарды қайтарымсыз беруге құқылы.

5. Жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылымдар қызметінің тәртібі, оны материалдық және қаржылай қолдау шаралары Қазақстан Республикасының өкілетті мемлекеттік органы қабылдаған тиісті нормативтік-құқықтық актілермен айқындалады.

4 Тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

18-бап. Осы Заңды бұзғаны үшін жауапкершілік

Заңды және жеке тұлғалар, соның ішінде мемлекеттік органдардағы лауазым иелері осы Заң ережелерін сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауап береді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.